

the structural organization of the lungs, causes shifts in the surfactant system, the severity of which depends on the degree of damage to the alveolar parenchyma.

УДК 616.9(574.5)

АрынғазыЖ.А.

## ҚАЗАЛЫ ТҮРҒЫНДАРЫ АРАСЫНДАҒЫ COVID-19 КЕЙІНГІ СИНДРОМ

Патологиялық физиология кафедрасы

Ғылыми жетекші: м.ғ.к., патофизиология кафедрасының жетекшісі Жексенова А.Н.  
КеАҚ «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университеті»

**Кілттік сөздер:** COVID-19, пост-ковид синдромы, сауалнама, мазасыздық мектебі.

**Өзектілігі.** ДСҰ мәліметтері бойынша 2022 жылдың ақпан айына дейін COVID-19 инфекциясын 420 млн адам жұқтырған, соның ішінде 5,9 млн халық қайтыс болған. ДСҰ ұсынған анықтамасы бойынша COVID-19 кейінгі синдром анамнезінде COVID-19 инфекциясы нақтыланған немесе күдікті науқастарда, негізгі симптомдар басталғаннан 3 айдан кейін дамып, 2 айдан кем емес уақытқа созылатын ауру. АҚШ және Мексика ғалымдарының зерттеуінде COVID-19-дан жазылғаннан кейін бірнеше айлар бойы сақталатын 55 симптомды атаған. Британдық мамандардың зерттеуінде 2020 жылдың сәуір айынан, сол жылдың желтоқсан айы аралығында COVID-19-бен ауырған науқастарда инфекциядан кейінгі синдромға COVID-19 ауырлық дәрежесі әсер етпейтіндігі көрсетілген.

**Зерттеу мақсаты.** Қазалы қаласында COVID-19 кейінгі синдромның таралу дәрежесін және инфекциядан кейінгі кезеңдегі науқастардың жалпы жағдайын бағалау.

**Материалдар және әдістері.** Зерттеуге Қазалы қаласының тумасы, тыныс алу жолдарының ауруларымен есепте тұрмайтын, COVID-19-бен ауырғанына 1 жыл толмаған 18 жастан жоғары адамдар іріктелді. Қатысушылар I топ - 18-44 жас (n=50), II топ - 45-59 жас (n=50) және III топ - 60 жастан жоғарылар (n=50) деп жіктелді. 3 кезең бойынша зерттелді: 1) зерттелушілерді сұрастыру, жалпы қарау, объективті тексеру; 2) аспапты (пульсоксиметрия, ЭКГ, кеуде клеткасының рентгенографиясы, іш қуысы ағзаларының УДЗ-і); 3) сауалнама (шкала тревоги Бека, анкета для выявления постковидного синдрома);

**Нәтижелері.** I топта диспепсиялық синдром 90%, жедел респираторлы ауру (ЖРА) белгілері 96%, тонзиллит белгілері 82%, миалгия 100%, артралгия 92%, II топта диспепсиялық синдром 98%, ЖРА белгілері 96%, тонзиллит белгілері 90%, миалгия 100%, артралгия 98%, III топта диспепсиялық синдром 100%, ЖРА белгілері 98%, тонзиллит белгілері 96%, миалгия 100%, артралгия 100% құрады. УДЗ өткізілгендер ішінде I топта (14 адам) холестаз белгілері 71,4%, II топта (31 адам) холестаз белгілері 71%, III топта (40 адам) холестаз белгілері 62,5% табылды. Пульсоксиметрия бойынша I топта SpO<sub>2</sub> барлығында 98-99%, тахикардия 54%, брадикардия 16%, қалыпты 30%, II топта SpO<sub>2</sub> 98-99% науқастардың 83% (43), 95-98% науқастардың 14% (7), тахикардия 50%, брадикардия 22%, қалыпты 28%, III топта SpO<sub>2</sub> 98-99% науқастардың 54% (27), 95-98% науқастардың 42% (21), 95%-дан төмен SpO<sub>2</sub> науқастардың 4% (2), тахикардия 74%, брадикардия 10%, қалыпты 16% көрсетті. 3-кезеңде I топта үрей жоқ (8 ұпай), II топта жеңіл дәрежелі үрей (15±2 ұпай), III топта 76% орташа дәрежелі үрей (24±1 ұпай), 24% жоғары дәрежелі үрей (47±1 ұпай) байқалды.

**Қорытынды.** Қазалы қаласы бойынша зерттеуге қатысқан 150 зерттелушінің 80%, яғни 18-44 жастағы 60% (30), 45-59 жастағы 82% (41), 60 жастан жоғары 98% (49)

зерттелушілерде COVID-19 кейінгі синдром анықталды. Зерттеуде синдромның ауырлық дәрежесіне науқас жасы тікелей әсер етіп, ауру барысын ауырлата түсетіндігіне көз жеткізілді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Петрова Н.Н. и соавт. Депрессивные состояния в структуре постковидного синдрома: особенности и терапия. // Обозрение психиатрии и медицинской психологии имени В.М. Бехтерева. -2022;- 56:1:1-С. 6-24.
2. Пахомова И.Г. На приеме пациент с диспепсией после перенесенной новой коронавирусной инфекции (Covid-19). Возможные пути решения проблемы. // Трудный пациент. -2021; №19 (2). –С. 46–50.
3. T.V. Glazanova, E.R. Shilova. Immune system disturbances after a new coronavirus infection COVID-19 // Russian Research institute of hematology and transfusiology. -Saint-Petersburg, Russian Federation. -2022; №14 (4). –С. 26-37.

#### **Резюме**

Арынғазы Ж.А.

#### **Пост-ковидный синдром среди жителей казалинска**

Кафедра патологической физиологии

Научный руководитель: к.м.н., руководитель кафедры патологической физиологии  
Жексенова А.Н.

НАО «Западно-Казакстанский медицинский университет имени Марата Оспанова»  
город Актобе, Республика Казакстан

Определили степень развития постковидного синдрома и состояние здоровья пациентов, перенесших COVID-19. Было взято 150 человек старше 18 лет, проживающих в городе Казалинске, у которых в течение года был COVID-19. В результате исследования постковидный синдром был определен у 80% изученных.

#### **SUMMARY**

Aryngazy Zh.A.

#### **Post-covid-19 syndrome among residents of kazalinsk**

Department of Pathological Physiology

Scientific adviser: c.m.s., head of the department Pathological physiology Zheksenova A.N.  
Non-profit joint stock company West Kazakhstan Medical University named after Marat Ospanov, Aktobe city, Republic of Kazakhstan.

Determined the degree of development of post-covid syndrome and the health status of patients who underwent covid-19. 150 people over 18 years old, living in the city of Kazalinsk, who had covid-19 during the year, were taken. As a result of the study, post-covid syndrome was determined in 80% of the studied.

**УДК 159.9-057.875**

Жанатова А.А.<sup>1.</sup>, Нұриахмет Г.Н.<sup>1.</sup>, Жанабек А.К.<sup>2.</sup>

#### **ӘСКЕРИ ИНСТИТУТ КУРСАНТТАРЫНЫҢ ПСИХО-ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ЖАҒДАЙЫН АНЫҚТАУ**

Жалпы медицина факультеті

Ғылыми жетекші: м.ғ.магистрі Ахметова У. Ж.

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазакстан медицина университеті